




4 наурыз, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

/

www.syrboyi.kz



Ордалы
30 жыл

4 НАУРЫЗ

• 1997 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен және ҚР Үкіметі қаулысымен Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі базасында «Қазақойл» Ұлттық мұнай-газ компаниясы құрылды. Мұнай-газ кешенін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында 2002 жылғы ақпанның 20-да «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясы мен «Мұнай және газ көлігі» Ұлттық компаниясы қосылып, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы құрылды.

• 2013 жылы «Nur Otan» партиясының «Jas Otan» жастар қанаты ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, жастарды еңбекке орналастыру бойынша www.enbek.kz бірыңғай порталын жасады.

• 2016 жылы Атырауда ақын Фариза Оңғарсыноваға ескерткіш қойылды. Қоладан құйылған 4,2 метрлік мүсін қала орталығына орнатылды. Мүсінші – Мұрат Мансұров. Композиция сәулетшісі – Серік Рустамбеков.

5 НАУРЫЗ

• 1992 жылы Қазақстан Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар орнады.

• 1993 жылы Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдарға арналған Мемлекет меншігінен шығару және жекешелендіру ұлттық бағдарламасы (II кезең) бекітілді.

• 1996 жылы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театры «Ақан сері-Ақтоқты» (режиссер Ж.Омаров) қойылымымен ашылды. Сол жылы театрға Ш.Құсайынов аты берілді. Театрдың алғашқы көркемдік жетекшісі, бас директоры – М.Оспанов.

• 2011 жылы Елордадағы Тәуелсіздік сарайында ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демография саясаты Ұлттық комиссиясы Мемлекет басшысының қатысуымен Қазақстан әйелдерінің съезін өткізді.

БАУЫРЛАСТЫҚТЫҢ БАЯНДЫ ЖОЛЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровпен кездесіп, шағын құрамда келіссөздер өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қырғыз байланыстары арасында достықтың бар екеніне, сондай-ақ, Қырғызстан – еліміз үшін тек одақтас мемлекет қана емес, бауырлас мемлекет екенін жеткізді.

Өз кезегінде, Қырғызстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанға мемлекеттік сапармен шақырғанына ризашылығын білдірді. Садыр Жапаров екі ел арасында ынтымақ пен бауырластық орнап, ешқашан шешілмейтін мәселелер болмауы керек екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевты өзіне ыңғайлы уақытта Қырғызстанға сапармен келуге шақырды.

Кездесу барысында Қазақстан мен Қырғызстан президенттері екі-жақты стратегиялық серіктестіктің ауқымды мәселелері, атап айтқанда, саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық, су-

энергетикалық, коронавирус індетіне қарсы бірлескен шаралар, мәдени-гуманитарлық бағыттар, сондай-ақ, Еуразиялық интеграция және көпжақты құрылымдар аясындағы байланыстарды талқылады.

Кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізіп, стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайтудың перспективаларын талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Кеңейтілген құрамдағы келіссөздерде сауда-экономикалық байланыстарды арттыруға және саяси, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық салаларда тығыз

ықпалдастық орнатуға басымдық берілді.

– Біз қырғыз ағайындарымызды қолдауға және жан-жақты көмек көрсетуге әрдайым дайын екенімізді атап өткім келеді. Біз бағзы заманнан тату көршіміз, достығымыз бен ынтымағымыз жарасқан бауырлас елдерміз. «Қазақ-қырғыз бір туған» деген накыл сөз аразымыздағы зор сенім мен кең пейілді айқын көрсетеді, – деді Қазақстан Президенті.

– Бүгінгі келіссөздер дәстүр бойынша мемлекеттеріміз арасындағы өзара қарым-қатынастарды сипаттайтын одақтастық байланыстар мен стратегиялық серіктестік рухында өтуде. Шағын форматта өткен кездесуде біз Қасым-Жомарт Кемелұлымен екіжақты ынтымақтастық пен өңірлік және халықаралық ұйымдар аясындағы елдеріміздің өзара іс-қимылының бірқатар маңызды мәселелерін қозғадық. Екі ел арасында ешқандай саяси қайшылық жоқ

екенін мәлімдеймін, – деді Садыр Жапаров.

Келіссөздер қорытындысы бойынша бірқатар құжаттарға қол қойылды. Президенттер бірлескен мәлімдеме жасап, қазақ-қырғыз қарым-қатынастарын кешенді нығайту жолындағы бағдардың мызғымастығын растады.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров бұқаралық ақпарат құралдары үшін бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді.

– Біздің мемлекеттеріміз бен халықтарымыз тонның ішкі бауындай араласып кеткен. Бұл жұрттың бәріне белгілі. Мемлекет басшыларының міндеті – екіжақты қарым-қатынастарды ынтымақтастықтың үлгілі моделіне айналдыру. Бүгінгі келіссөздер аталған мақсатты шешуге арналды. Пікір алмасулар өте пайдалы әрі табысты болды. Біз екіжақты ынтымақтастықтың басты бағыттарын айқындадық, өңірлік және халықаралық құрылымдар аясындағы іс-қимылдарды арттыру мәселесін талқылады. Екі ел арасындағы ықпалдастық бойынша кез келген мәселені бауырлас халықтардың ежелден қалыптасқан мүдделерін ескере отырып, шұғыл шешуге келістік. Қырғызстан Президенті Садыр Нургожоулы Жапаровтың сапары табысты өтті деп айтуға толық негіз бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровпен кездесіп, тәуелсіздік жылдары бауырлас екі ел арасында қол жеткізілген ынтымақтастық пен серіктестіктің жоғары деңгейін атап өтті. Өз кезегінде Садыр Жапаров Қазақстанның Тұңғыш Президентіне екі ел арасында байланыс орнату және нығайту жолындағы жасамаз еңбегі үшін алғысын білдірді.

Қырғызстан Президентінің елімізге жасаған сапарының соңында екі ел басшылары «Астана» халықаралық қаржы орталығын аралап көрді. АХҚО-ның Халықаралық соты және Арбитраж орталығының, Қаржылық қызмет көрсету жұмысын реттеу жөніндегі қомитеттің, Ислам қаржысы мен бизнесі жөніндегі хабтың, Жасыл қаржылар орталығының жұмысымен танысты.

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

БАЛАНЫҢ ТАҢДАУЫ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАМАЙ МА?

Мамандық таңдау, үлкен өмірге сеніммен аттану әр мектеп түлегінен талап етіледі. Оқушы білімі, икемі, тынымсыз ізденуі мен қажымас еңбегі зор маңызға ие. Демек, жастар өздері қалаған кәсіптің шебері болуы үшін таңдаудың дұрыс болғаны жөн.

Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігің тап та бар қалан! – деген Абайдың ұлағатты ойы – әр адамның болашағына сілтенген жол. Бос селтендемей, орныңды тап деген үлгі сөз. Ал біз ойшылдың осындай ойынан тағылым алып, өнегесін өмірімізге бағдарлам ете алдық па? Жас ұрпақ айтылған сөзді бойына сіңіріп, еңбекке, болашаққа

деген ұмтылысын жани алды ма? Қайраты мен ақылын әрі ісінде пайдаға асырып, кемеңгердің айтқанын орындап жүр ме?

Бұл енді басқа мәселе. Сонымен мектеп қабырғасынан шыққан жас түлек өмірден өз орнын таба ала ма? Он жыл оқыған білімі мен тәрбиесінен болашағына азық алды ма? Сурақ сан алуан, әрқайсысына жауап беруге тура келеді.

3-бет

БРИФИНГ

ВАКЦИНАЛАУДЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ



2 наурыз күні аймағымызға «Спутник V» ресейлік вакцинаның 6200 дозасы жеткізілді. Оның 3600 дозасы – бірінші компонентті, 2600-і – екінші компонентті. Осы кезеңде вакцина алмаған медицина қызметкерлеріне, мұғалімдерге және жұқтыру қаупі жоғары жұмыс орындарының қызметкерлеріне салынады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов пен облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының міндетін атқарушы Әлия Әбдіқайымова баяндады.

Айта кету керек, «COVID-19» инфекциясына қарсы егу жұмыстары 1 ақпанда басталған болатын. 1-17 ақпан аралығында 939 медицина қызметкері, 61 ерікті тұрғын екпемен қамтылған.

– Сонымен қатар өңірімізге 22 ақпан күні вакцинаның тағы 1000 дозасы келді. Бұл екпелер алғашқы салдырған адамдарға денсаулық жағдайларына шағымдарының болмауына байланысты екінші компонент ретінде егілуде. Қызылорда қаласы бойынша вакцинаның екінші компонентін 22 ақпан мен 2 наурыз аралығында барлығы 555 адам салдырды. Вакцина тасымалдаған кезде арнайы ұстанымдарды қажет етеді. Сол мақсатта вакцинация жұмыстары I кезеңде

қаладағы №1, 3, 6 емханаларда жүргізілді. II кезеңнен бастап аудандарда да қолға алынбақ. Ол үшін екпе халық санына байланысты бүгін-ертең бөлініп, жеткізілетін болады, – деді басқарма басшысы.

Егу науқанын сапалы жүргізу мақсатында аудандағы медицина қызметкерлері дайындық курсынан өтіп, оқытылған.

Вакциналау жұмыстарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелерінде 14 егу кабинеті дайындалған.

Сондай-ақ, брифингте Әлия Әбдіқайымова тұрғындарды босаңсымауға, сақтық шараларын ұстануға шақырды.

«СБ» ақпарат

МӘСЕЛЕ

Мал бар, ет қымбат

Ет бағасы өсті. Тұтынушылар арасында түрлі пікір бар. Бағаның өсімі алушыға ауыр соқса, кей пікірде бұл шаруаның, яғни ауылдың әлеуетін жақсартуға сеп деген де айтылып отыр. Шын мәнінде, ет қымбаттап, мал баққаннның кірісін ұлғайта ма, әлде алыпсатар мен жем-шөптің аспандап тұрғаны сол шаруаның еңбегін еш еткендей халге түсіре ме? Алдымен базарға бардық...

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

3-бет



«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ»



ТУДЫ КӨКТЕМ, ЖАРЛЫҚ КЕП ҚҰДІРЕТТЕН



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 2-сессиясы 2021 жылғы 17 наурызда сағат 16:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының есебі туралы.

2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2021 жылғы 17 наурызда сағат 09:30-да, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 11:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

АРАЛДЫ ҚҰТҚАРУ ҚОРЫН ҚЫЗЫЛОРДАҒА КӨШІРУ МӘСЕЛЕСІ ҚОЗҒАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстандағы Атқарушы дирекциясының директоры Болат Бекниязбен кездесті. Онда Арал өңірінің әлеуметтік және экологиялық проблемаларын шешуге бағытталған жобалар мен бағдарламалар сөз болды деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

– «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС-1) жобасының бірінші фазасын бастауға Халықаралық Аралды құтқару қорының рөлі ерекше болды. Қазіргі таңда, «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін дайындық жұмыстары жүргізілуде. Соның ішінде, Солтүстік Арал теңізінің аумағын ұлғайту компоненті өңір тұрғындары үшін өте маңызды.

Солтүстік Арал теңізінің аумағын ұлғайтудың бір немесе екі деңгейлі нұсқалары бойынша түпкілікті шешім қабылданған жоқ. Сондықтан, жобаның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу барысында жан-жақты қарауға, экологиялық және экономикалық жағынан тиімді іске асырылуына атсалысуды сұраймыз, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар кездесуде Болат Бекнияз Аралды құтқару Қоры тарапынан атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті.

Халықаралық Аралды құтқару Қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы қызметінің негізгі мақсаты – Арал теңізі алабының қазақстандық бөлігіндегі су шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларды жақсарту бойынша өзекті мәселелерді шешуге және практикалық іс-шараларды үйлестіруге қолдау көрсету.

Бүгінгі күнге дейін Қор тарапынан Арал теңізінің құтқару және сақтау бойынша халықаралық және жергілікті деңгейде көптеген кездесулер ұйымдастырылып, жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, Арал өңірінің қазақстандық бөлігінің өзекті мәселелерін шешу жөнінде Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен техноло-



гиялар орталығының, Дүниежүзілік банк, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі өкілдерімен, Германия Федеративтік Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасындағы Елшілігімен және Алматы қаласындағы Бас елшілігімен кездесу өткізілген.

«Барсақелмес» Мемлекеттік табиғи қорығы, Ботаника және фитоинтро-

дукция Қазақ ғылыми-зерттеу институты, Балық шаруашылығы Қазақ ғылыми-зерттеу институты, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, және басқа да ұйымдармен бірлескен жұмыс жасауда. Бұл ретте ХАҚҚ ҚР Атқарушы дирекциясының қызметкерлері қызмет күндерінің көп бөлігін Арал теңізі бассейнінде

далалық жұмыстар мен іссапарларда өткізеді.

Қазіргі уақытта Қордың облыстағы филиалы Қамбаш көлінің жағалауында орналасқан «АРАЛ» ғылыми-туристік, Көкарал түбегінің оңтүстік бөлігіндегі, биосфераны қорғау орталықтарында аңшылық шаруашылығы бойынша жұмыс атқарауда.

– Арал теңізі бассейнінің негізгі

өзендері – Әмудария және Сырдария бойынша экологиялық су жіберулерге қалдық қағидатты пайдалана отырып, Арал теңізін бұрынғы шекараларға қайтару мүмкін емес. Теңізді толтыру үшін оған жылына кемінде 60 млрд текше метр су келуін қамтамасыз ету қажет. Сондықтан суармалы жерлерде су тұтынуды азайту, кейбір су қоймаларын босату қажет болуы мүмкін. Қазақстанда 2005 жылғы тамыздан бастап көлемі 27 млрд текше метр Солтүстік Арал теңізі сақталды. Осы кезеңде Үлкен Арал теңізіне шамамен 40 млрд текше метр су құйылды. Көл жүйесіне жыл сайын шамамен 1500 млн текше метр су жіберіледі, – деді Болат Бекнияз.

Мұнымен қоса, жиында Арал өңірінде шешімін табуды қажет ететін көптеген экологиялық проблемаларға байланысты Халықаралық Аралды құтқару Қорын Алматы қаласынан Қызылорда қаласына көшіру мәселесі қозғалды.

Жын соңында Болат Бекнияз аймақ басшысына ұйымдастырылған кездесу үшін алғыс айтып, алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс атқаратынын жеткізді.

ТҰРҒЫН ҮЙ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР ПЫСЫҚТАЛА ТҮСЕДІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен тұрғын үй саясатын жүргізудің жаңа тетіктеріне арналған мәжіліс өтті. Жиынға бірқатар сала басшылары мен онлайн селекторлық режимде қала және аудан әкімдері қатысты.

Аймақ басшысы Президент Жолдауында айқындалған тұрғын үйге мұқтаж халықты баспанамен қамтамасыз ету үшін жаңа тәсілдерді енгізу арқылы тұрғын үй саясатын жүргізудің жаңа тетіктеріне қарай жұмысты жетілдіру керек екенін атап өтті.

Мәжілісте облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бердияр Пірімбетов тұрғын үй саясатындағы жаңа тәсілдерді енгізу бағытында негізгі басымдықтар туралы баяндады.

Тұрғын үй кезектілігі мәселесін шешу үшін «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ негізінде «Отбасы банкі» құрылды. Бұл мақсатта «Отбасы банкі» базасынан «Тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі орталық» құрылады. Ол тұрғын үйге мұқтаждардың барлығын орталықтандырылған негізде есепке алуы, сондай-ақ тұрғын үйдің «қолжетімділік сатысына» сәйкес бөлуді жүзеге асырады. «Тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі орталықтың» базасымен жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқорлары біріктіріліп, азаматтар мемлекеттік бағдарламаларға бір рет қана қатыса алады. Бұл үшін тұрғын үй қорын басқаратын құрылымның «бірыңғай операторы» іске қосылатын болады.

Жиында басқарма басшысы жаңа тәсілде тұрғын үйге мұқтаждарды іріктеу нақты табыстары бойынша жүзеге асырылатынын жеткізді.

Сондай-ақ, тұрғын үй алуға кезекте тұрған азаматтардың саны жыл сайын орта есеппен 1,6 мыңға өсіп, бүгінде 30 мың адамға жеткен. Отырыста Бердияр Пірімбетов тұрғын үй саясатын енгізудегі екінші механизм, яғни, ауылдық жерлерде тұрғын үй салу тетігі бойынша алдағы міндеттерді баяндады. Бұл механизм Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ауылдарда жұмыстары үшін тұрғын үй салудағы жұмыс беруші шығындарының 50%-ін субсидиялауды көздейді. Субсидиялауға облыс және аудан орталықтары, моно және шағын қалалар, агромерация құрамындағы елді мекендер жіберілмейді. Аталған механизмді жүзеге асыру ауылдық жерлерге білікті мамандарды тартуға және қалаларға тұрғындардың көшуін тоқтатқа мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні 5 аудан бойынша 9 елді мекенде 13 ауыл шаруашылығы құрылымдары 54 үй салуға ниет білдірген.

Отырыста «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда филиалының директоры Әділжан Сәулебаев мемлекеттік бағдарламалар арқылы тұрғын үй алуға ниетті азаматтардың үлесі мен салым салу мәселелеріне тоқталды. Сонымен бірге, Қызылорда облысының құрылысшылар ассоциациясының төрағасы Манарбек Еспенбетов бірқатар ұсыныстарын жеткізді.

Жиын барысында облыс

әкімі Әділжан Сәулебаевқа Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, тұрғын үй саясатына енгізіліп жатқан жаңа тәсілдерді заңдылыққа сәйкес үйлестіруді тапсырды.

Айта кетейік, 2020 жылы барлығы 408 пәтерді құрайтын 39 тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінде, 150 пәтерлі 5 үй жалға берілген, 90 пәтерлі 30 кредиттік, 168 пәтерлі 4 коммерциялық үйлер бар. Ал, «Отбасы банкі» арқылы жеңілдетілген несиемен 548 отбасы баспаналы болды.

Аймақта биыл 1858 пәтерлі 99 үйдің құрылысы жүргізіліп, жыл аяғына дейін 1575 пәтерлі 61 үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Облыс әкімі құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысына жаңа тетіктерге қатысты мәселелерді пысықтауды, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен және «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда филиалымен бірлесіп, жаңа тетіктер негізінде облыс бойынша тұрғын үй кезектілігіне қатысты салалық министрлікке ұсыныс енгізуді тапсырды.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне барлық инфрақұрылым желілерімен қамтамасыз етілген тұрғын аудандарда коммерциялық, арендалық, кредиттік тұрғын үйлердің жобаларын орналастыру бағытында жұмыстар жүргізуді міндеттеді.

Күн тәртібінде көтерілген мәселелердің орындалуын бақылауға алуды орынбасары Серік Сүлейменовке тапсырды.

● СҰХБАТ

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ»



– Ражфат Төлеуғалиұлы, сіз тізімдеп отырған саланың жұмыс салмақты. Оны ілгерілетуде қандай бастаналар қолға алынады, салаға қатысты қандай өзгеріс, жаңашылдық бар?

– Департамент 3 бағытта жұмыс істейді. Әділет органдарында тіркелген ережеге сәйкес, белгіленген құзыреттілік шегінде мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету және мемлекеттік бақылау салаларында реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады. Алғашқының енішінде мемлекеттік тестілеу, бос орындарға конкурс өткізу, мемлекеттік қызметшілердің тағайындалмадан өтіп, тәжірибесінің толысуына жағдай жасау бар. Бұдан бөлек, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге бақылау жасау назарда. Мемлекеттік қызмет туралы Заңды бұзу фактілеріне профилактикалық бақылау немесе арыз-шығым негізінде жоспардан тыс тексерулер тиісті деңгейде жүргізілуде. Кемшілікті түзеп, олқылықтардың орын толықтыруға мүмкіндік беретін Әділет жөніндегі кеңестің жұмысын қарқындалтуға да күш салынып келеді. Бұған дейін Ақтөбе өңірінде қызмет атқардым. Бұл қызмет маған екі есе жауапкершілік жүктейді. Сенім үдесінен шығу басты мақсат болғандықтан, қазір салаға серпін береді деген бірқатар жобаны қолға алдық. Департаменттің бастамасымен облыс әкімдігімен, мемлекеттік қызметшілердің салалық кәсіподағымен бірлесіп отырып, мемлекеттік қызметшілердің өз имиджін қалыптастыруға арналған іс-шаралар жоспарын бекіттік, қазір осы жоспар бойынша жұмыс жалғасуда. Оның қатарында «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Тәлімгерлер пулы», «Күрметтік лайық», «Басшылар дәрісі» секілді бастамалар бар. Тарқатып айтсам, аймақта мемлекеттік қызметтен зейнетке шығатын азаматтарға құрмет көрсету мақсатында «Күрметке лайық» жобасы іске асырылды. Оның ішінде «Тәлімгер пулы» құрылмалық. Мұнда сала ардагерлері жас мамандарды қызметке бағдарлау жұмысын атқаратын болады. Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы университетпен меморандумға отырып, «Абырой» жас мемлекеттік қызметшілер мектебін аштық. Әрі аталған университет базасында келесі оқу жылынан бастап «Адам ресурстарын басқару» мамандығы енгізіліп, HR-мамандарын дайындау қолға алынады. Департамент университетпен тығыз әріптестік меморандумын бекіткенін айту керек. Ғылыми-методтық мемлекеттік қызметке кадрлар дайындау сапасын көтеру, кадр әлеуетін пайдаланудың тиімділігін арттыруды көздеп отыр. «Болашақ» университетімен де жастарды мемлекеттік қызметке тарту бағытында келісім бар. Ал, «Басшылар дәрісі» жобасының мақсаты – азаматтардың сұранысы мен қажеттіліктеріне жедел жауап бере алатын әмбебап маман әзірлеу. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында қолға алынған жобаға облыс әкімдігі мен ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалы қолдау білдірді. Бастама аясында да облыстық басқарма басшылары аймақтың негізгі әлеуметтік-экономикалық салалары бойынша мемлекеттік қызметшілерге дәріс оқиды, жаңашылдықтар жайынан хабарлар етеді. Бұл мемлекеттік органдарға қабылдауға келген адамдарға мүмкіндігіне бір жерден жан-жақты ақпарат бере алатын мамандарды дайындау үшін жасалып отыр. Сонымен қатар республика бойынша өңірде алғаш рет «Болашақ» бағдарламасы мен ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы түлектерінің «Түлектер пулы» құрылды. Жоба аясында олар алған білімі мен тәжірибесін академияның облыстық филиалы базасында оқу курстарына қатысатын 500-ден астам мемлекеттік қызметшімен бөліседі. Айта кету қажет, қазір өңірде «Болашақ» бағдарламасының 5 түлегі, академияның 21 түлегі мемлекеттік қызметте. Жақында «Басшылар байланыста» жобасы да басталды. Оның аясында мемлекеттік қызметтерді көрсетуші мекеме басшыларының тұрғындарға қызмет көрсету

Қазір технология дегеніңіз сайрап тұр. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дені электрондық форматқа көшкен. Ғаламторды пайдаланып, қажетті көмекті керек тоймені басып алуға болады. Мемлекеттік басқаруда жаңа технологияларды енгізу, цифрландырудың игілігін пайдалану сапаны жақсартып, жемқорлықтың тамырына балта шабуға да сеп. Ең бастысы, онтайландыру тұрғындарды әуре-сарсаңнан құтқарып, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беруде. Осы және салаға қатысты өзге де мәселелер төңірегінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің басшысы Рахфат Бисеновпен сұхбаттасқан едік.

күндері ұйымдастырылып, жеке қабылдаулар өтеді. Алдағы уақытта ашықтыққа негізделген осы тектес жұмыстар жүргізіліп жатқанына болады. Басты мақсатымыз – үздіксіз жұмыс істеп, көрінебейтін майданның әскеріне айналған мемлекеттік қызметшілердің еңсесін көтеру. Олардың отбасына көңіл бөлуіне мүмкіндік жасау, ұжымда өткізілетін көптеген мәдени-көпшілік шаралар арқылы жұмысқа деген құлшынысын арттырамыз деген ойдамыз. Тек көпшілік шаралар ғана емес, қайырымдылық көрсету, спорттық ойындар, облыстың «Рухани жаңғыру» орталығымен бірлесіп отырып, өңірімізде мемлекеттік қызмет саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және нәтижесімен мемлекеттік қызмет ардагерлері туралы электронды кітап шығару жоспарланып отыр.

– Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қажеттілігі қанша саналып келеді. Электрондық қызметтің үлесін арттыруға, цифрландыруға ерекше назар аударылған. Осы орайда департамент қандай шараларға серпін берді деп айта аласыз?

– Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында бақылау және мониторингтеу жұмысымен айналысып келеді. Қазір халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу процесі бұрынғыдан жеңілдетілді деп айта аламыз. Оның электрондық форматқа көшуі жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарды азайтуға мүмкіндік беріп отыр. Статистиканы сөйлестек, облыстағы мекемелер былтыр 372 мемлекеттік қызмет түрі бойынша 6155896 қызмет көрсеткен. Осыған қарап, көрсеткіштің 2019 жылғымен салыстырғанда 2454316 қызметке немесе 66,3 процентке артқанын аңғаруға болады. Ал, электронды түрде 3748279 қызмет көрсетілген. Жалпы, мемлекеттік көрсетілетін оның ішінде электрондық қызметтердің саны атқарылған жұмыстың ауқымын байқайтып отыр. Азаматтар сұранысының өсуінен, сонымен қатар пандемия кезіндегі карантиндік шектеулердің де әсерінен мемлекеттік қызметтерді ақылы түрде көрсететін орындардың көптеп ашылуына ықпал етті. Аталған орындарда «электронды үкімет» веб-порталынан тегін алуға болатын қызметтерге делдалдық жасағаны үшін тұрғындардан 500 теңгеден бастап 3000 теңгеге дейін сұралған. Мысалы, кез келген анықтама алу құны – 500 теңге, электронды цифрлық қоланба алу, мекенжайға тіркелу – 1000 теңге, балбақшаға тіркеу – 2000 теңге. Оның кемшін тұсы тағы бар. Біріншіден, тегін қызметті ақылы алады, екіншіден, тұрғындар электронды цифрлық қолпанбасын құпия сөздерімен бірге сол қызмет алған орындарға тастап кетеді. Одан кейін ЭЦҚ қандай мақсатта пайдаланылатынын белгісіз. Бұл мәселе бақылаудан түспеді. Департамент бастамасы негізінде облыс әкімдігінің қолдауымен «Электрондық қызметтерді өздігінен алу орталығы» жұмысын бастап кетті. Орталық осы кезеге дейін 7000-ға жуық тұрғынға көмекке келген. Аталған орталықта «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының мамандары кеңес, сан сауалға жауап беруге дайын екенін жеткізді.

– Халықтың мемлекеттік аппаратқа деген көзқарасы мемлекеттік қызметтің сапасына және қолжетімділігіне байланысты. Кей тұрғындар қанағаттанса, кейде көңілі толмайтын тұстар болады...

– Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнатуы басты назарда. Тұрғындар қызмет алу барысында қанағаттанбай, департаментке шағым түсіп отыратын кездері жоқ емес. Мұндай жағдайда тиісті мемлекеттік органға жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтарды жою бойынша нұсқамалар беріліп, азаматтардың құқықтары қалпына келтіріледі. Кейде шағымда көрсетілген уәждер дәлелденбейді. Осындай жағдайда өтініш несіне заңды түсіндірме беріледі. Өткен жылы департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнаманы сақталуы бойынша 47 тексеру жүргізген. Нәтижесінде 222 заң бұзушылық анықталып отыр. Ең көп орын алған факт қатарында стандартта көзделмеген құжаттарды талап ету, қызмет көрсету рәсімдерін, мерзімін бұзу, құжаттар топтамасы толық болма-са да қызмет көрсету бар.

– Мемлекеттік қызметшінің беделі мемлекет беделімен пара-пар. Сәйкесінше, олардың жұмысына, іс-әрекеті мен қызметтік әдебіне бақылау қандай деңгейде жасалады? Өткен жылды елестіріп көріңізші...

– Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқ стандарттары белгіленген Әділет кодексінде «Мен мемлекеттік қызметшімін» деген кез келген жанның әрекеті мінсіз болу қажеттілігі айтылған. Алайда, аталған талап үдесінен шықпағандар бар. Әділеттілік таразысына айналған Әділет кеңесінде осындай кемшін тұстар көтерілді. Былтыр кеңестің 14 отырысы өткізіліп, 72 мәселе қаралды. Нәтижесімен 31 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде Әділет кодексі талаптарын бұзған 13 қызметшіге, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берген 18 қызметшіге шара көрілген. Департаментке берілген өкілеттілік шегінде бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурстық іріктеу рәсімін бұзғаны үшін 15 әкімшілік іс, рұқсат берудің тәртібін және мерзімін бұзу бойынша 11 әкімшілік іс, департамент нұсқамасын уақытлы орындамағаны үшін 1 әкімшілік іс қозғалып, мемлекет пайдасына 775 267 теңге өндірілді.

– Мемлекеттік орган қызметкерлерінің тәртіптік, әкімшілік жауапкершілігін қарамастан бұрын алдын алу жұмыстарына қаншалықты мән бересіздер?

– Мемлекеттік қызметші өз қамы үшін емес, мемлекет игілігіне жұмыс істеу керек. Бүгінде департамент тарапынан мемлекеттік орган қызметкерлеріне ҚР Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы құқықтық актілеріне түсіндірме жұмыстары, құқықтық сабақтар, семинарлар жиі өткізілуде. Сондай-ақ, департамент электронды қызметтерді алу бойынша тұрғындарды оқыту мақсатында облыс әкімдігімен және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп, «Цифрлық сауаттылықты арттыру» бойынша желілік кесте бекітті. Кестеге сәйкес тиісті шаралар атқарылуда. Әділет жөніндегі кеңесте мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалары, Әділет кодексін бұзудың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша 7 мемлекеттік органның және Әділет жөніндегі уәкілдердің атқарылған қызметі туралы есебі тыңдалды. Мемлекеттік қызметшілер тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында тиісті шаралар қабылдануы ұсынылды. Заң бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мемлекеттік органдарда профилактикалық бақылау жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесімен мемлекеттік органдарда заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіру бойынша құқықтық оқытулар өткізілді. Биылдан бастап алдын ала жүргізілген сауалнама қорытындысына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің сұранысымен құрылып, мемлекеттік органдар бірінші ая құқықтық оқыту өткізеді. Ондай бір-матта өтетін шаралар бір мезгіте 3000-нан астам мемлекеттік қызметшінің қамту көзделіп отыр.

– Мемлекеттік сектордағы қызметкерлердің 25 проценті қысқарды деген дерек бар...

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында мемлекеттік басқару саласына реформа жасау кергін атап өткен еді. Оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер санын 25 процентке азайту мәселесіне де назар аударылған. Қазір ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Арнайы нормативтік-құқықтық акт қабылданғаннан кейін тиісті жұмыстар атқарылды. Ең бірінші қысқартуды бос орындар есебінен жүргізу жоспарланған. Сонымен қатар зейнет жасына толған азаматтар мен арнайы және құқық қорғау органдарынан зейнетке шыққан азаматтарды қысқарту мүмкіндігін қарастыруда.

– Мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілінің 17 жылға жуық. Тәжірибелі, өз ісінң маманы ретінде мемлекеттік қызметтің артықшылығы неде деп айта аласыз?

– «Тіреуі барлар ғана мемлекеттік қызметке келеді» деген пікір бар. Мұнымен келіспеймін. Себебі, өзін замансапық өсудің барлық сатысын өткіріп келетімін. Мемлекеттік қызметші – қоғам айнасы деп білемін. Ол барлық талаптан шыға білу керек. Артықшылығы – еліне, қоғамға қызмет етудің, ортақ игілік үшін барын салуында. Жүсіп Баласағұн «Өз пайданды ойлама, ел пайдасын ойла, өз пайдан соның ішінде» деген. Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің бар күш-жігерін, білімін мен тәжірибесін өзін жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды. Отанына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші бас пайдасын ойламай, ел сенімін алғашқы орынға қоюы тиіс, өз жұмысының маңыздылығын сезінуі қажет.

Әңгімелескен Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 25 ақпандағы №64/401 қаулысына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты облыстық сайлау комиссиясының құрамынан шығып қалған мүшелердің орнына сайлау өтетіндігін хабарлайды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының талаптарына сәйкес әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Облыстық сайлау комиссиясының құрамында «Nur Otan» партиясы, Қазақстан халық партиясы, «АДАЛ» саяси партиясынан болғандықтан, олардан басқа саяси партиялардан немесе өзге де қоғамдық бірлестіктерден және жоғары тұрған сайлау комиссиясынан ұсыныстар қабылданады. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидаттарды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиясы 2021 жылғы 4 наурыздан бастап 19 наурызға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының құрамына кандидаттар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;
2) сайлау комиссиясының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;
3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің не-

месе олардың филиалдарын (өкілдіктерінің) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттардың сайлау комиссия

БАЛАНЫҢ ТАҢДАУЫ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАМАЙ МА?

Ұзақ жыл білім саласында жұмыс істеп келе жатқандықтан шәкірттерімен ертеңгі күн жайында, мамандық туралы жиі ой бөлісіп тұрамын. Кейбірі көкейдегісін ашып айтпаса, кейбірі ар жағындағыны жайып салады. Біз жастарға: «Жар таңдау мен мамандық таңдауда қателеспеу керек» дегенді жиі айтамыз. Дұрыс сөз, он пікір. Екеуі де жастардың өмірлік болашағын ойлағандық болып есептеледі. Бұл кеменгер ақынның айтқанымен үндесіп жатыр.

Мамандық таңдау – жауапты іс. Бұл жас ұрпақтың келешегі, көп іс арқылы олар өмірлік азығын табады, отбасын асырайды, тіршілік етеді. Жоғарыда айтқандай, оқушылар мамандық таңдау барысында көбіне ата-аналарының шешімі негізгі роль атқаратынын айтады. Баланың қалауы емес, еке-шешесінің айтқаны болады. Оның киімің көк, тамағын тоқ ететін, ақылы оқуына ақшасын төлейтін – ата-ана. Тағы бір ерекшелігі, олар баласының таза жерде жұмыс істегенін, заңгер, дәрігер, мұғалім, т.б. болғанын қалайды. Дәнекерлеуші, жүргізуші, малшы секілді кәсіптерді

соңғы орындарға қояды. Ауыл шаруашылығында егін егіп, жер жыртқан механизатордың табысы әжептәуір екендігін есепке алмайды. Көбісі баласының қандай кәсіпке бейім екенін де ескере бермейді. Ол үшін баланың мұғалімімен ойласуы жөн болатынын көперге алмайды. Осы жерден біз заңгер қыламыз деп тамаша механизатордан, дәрігер етеміз деп мықты дәнекерлеушіден, мұғалім етеміз деп еңбегі елге сіңген малшыдан айырылып қалып жүрген жолшыз ба?

Жаңа технологиялық өзгерістер кезеңінде көптеген мамандықтың іске аспай қалуы мүмкін екеніне жорамалдар айтылуда. Бұл – шындық. Демек, мұғалім мен ата-ананың міндеті – баланы заманауи кәсіптерге бейімдеу. Өмірімізге ақылы оқу енгелі жоғары оқу орнын бітіру ештеңе болмай қалды. Қазір кейбіреулердің бірнеше дипломы бар, бірақ іске асып жатқан бірі жоқ. Жұмыссыздық бар, қиын кәсіптерге жастардың барғысы жоқ. Көбі саусағын қимылдатпай көп ақша тапқысы келеді. Нарық заманы бұған көнбейді. Кім еңбек етсе, маңдай терін сыпырып алса, сол ауқатты тұрады.

Кейде оқушыларыма «сендер ақы-

лы оқуға түссендер, өздерің емес, ата-аналарыңның ақшасы оқиды» деймін. Мұным біреулердің көңіліне тиюі мүмкін, дегенмен, шындық осы. Мектепті орташа оқыған оқушының грант жеңіп алғанына таңғалмаймын. Тек соның қандай маман боларына қапаланамын. Сондай кәсіп иелері еліміздің гүлденуіне үлес қоса ала ма? Бір ауылдасым нашар оқитын баласын негізгі мектептен шағарып алып, колледжге берді. Онлайн оқу. Тым жақсы шәкіртақысы бар. Сол оқу бітіргесін мамандығы бойынша қызмет істеп кете ала ма?

Жоғары оқу орындарындағы кей оқытушылардың студенттер біліміне көңіл бөле бермейтінін естіп жатамыз. Әлгіндей ақысы төленсе, студент ештеңеден қиналмайды. Ілгеріректе институтта оқитындар жатпай-тұрмай курстық жұмыстар жазып, рефераттар тапсырып, үздіксіз оқып дағыланатын, білімдері де тиянақты болатын. Ал қазір кей оқу бітіргендерден естіміше, дайын жұмыстарды оқытушыларының көмегімен көшіріп беріп, сынақтан өте шығатын сынайлы. Бұл кімге пайда, кімге зиян, әрине, институт бітірушіге еш пайдасы болмайды. Олар көбіне дипломды

жұмыссыздар қатарын көбейтеді.

Пандемияға байланысты онлайн оқу білім сапасын тіпті түсіріп жіберді. Мектептегі білім тиянақты, терең болмаған соң оқушы ертеңгі үлкен өмірде қиындық көрмей тұрмайды. Сол кезде ол мектебін, мұғалімдерін кінәлауы бек мүмкін. Ал барлық істің түйіні өзіне келіп тірелетінін ойласа, ақылына салса, бәрін басқаша түсінер еді. Шындығында, өзі ұмтылып, талпынбаған, талаптанбаған жастарға қиыншылық көптеп кездеседі. Оны тек есейе келе, ақыл тоқтатқасын ой сарабына сала ұғынуы мүмкін, бірақ бұл кезде кеш боларды.

Сонымен бала мамандық таңдаса, мүмкіндігінше оның еркіндігіне тосқауыл қоймаған жөн. Өз болашағын өзі қалап, өзі шешім қабылдағаны дұрыс. Ата-ана мен мұғалім оған бағыт-бағдар беруі ғана керек. Түптің түбінде ата-ана да, мұғалім де ол қалаған кәсіппен айналыспайды, тандаған кәсібінің ыстық-суығын көретін, қиыншылығы мен қызығын басынан өткеретін оның өзі болмақ. Тандаған ісінің нәпақасымен болашағын жалғастырады.

Өтебай СЕРӘЛІ

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы әдістемелік ұсынымдар Тұңғыш Президент-Елбасының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жырмыра қадам» және «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақалаларын іске асыру шеңберінде өткізілетін және үздік еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлерін айқындауға бағытталған «Еңбек жолы» конкурсын (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін регламенттейді.

- Конкурсты өткізу мақсаттары:
- ұрпақтар сабақтастығын сақтау;
- еңбек адамдары туралы он қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;
- қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;
- «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» аясында еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру;
- Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық;
- Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.
- Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

- Үздік еңбек әулеті;
- Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.
- Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатынбір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінмен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

- Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуе, өз кәсібін насихаттауға тиіс;
- Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері.
- Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.
- Өндірістің үздік жас маманы.
- Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады;

2-тарау. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ұйымдастырушылар) конкурсты ұйымдастырушылар болып табылады.
- Ұйымдастырушылар қамтамасыз етеді:
- барлық үміткерлер үшін тең жағдайларды;
- коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттың құпиялылығын;
- конкурс нәтижелері туралы мәліметтерді ресми жарияланған күннен бұрын жарияламауды қамтамасыз етеді.
- Конкурсқа қатысушылар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:
- номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтініші;
- жеке куәліктің көшірмесін;
- номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан артық бейнероликті(қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);
- конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презента-ция (Microsoft Power Point форматында);

- еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландыраған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);
- жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат.
- Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері): мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамо-талардың, алғыс хаттардың көшірмелері
- біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).
- Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе өрес тілдерінде ұсынылады.

3-тарау. Конкурсты өткізу тәртібі

- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі(бұдан әрі – Министрлік) жыл сайын конкурсты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі тиісті жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекітеді.
- Конкурс жеңімпаздары осы Әдістемелік ұсынымдарға 1-қосымшаға сәйкес іріктеу критерийлеріне сәйкес айқындалады.
- Конкурсты өткізу мерзімдері:
- наурыз – конкурстың басталуы туралы хабарландыру;
- жыл сайын 1 шілдеге дейін – жергілікті атқарушы органдардың өтінімдерді қабылдауы;
- жыл сайын 10 тамызға дейін – жергілікті атқарушы органдардың жергілікті атқарушы органдар жанындағы конкурстық комиссиялардың шешімдерін, конкурсқа қатысуға үміткерлердің өтінімдерін бір данада Министрлікке жіберуі;
- қазан – қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау.
- Конкурсқа қатысуға өтінімдер бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жарияланған соңтан бастап ұсынылады.
- Конкурс жеңімпаздарына тиісті диплом және
 - 1 орын үшін – 1 000 000(миллион)теңге;
 - 2 орын үшін – 500 000(бес жүз мың)теңге;
 - 3 орын үшін–200 000(екі жүз мың)теңгесомасына ақшайлы сертификаттар беріледі.

4-тарау. Конкурс комиссиялары

- Конкурс жеңімпаздарын іріктеу үшін:
 - жергілікті атқарушы органдары жанындағы «Еңбек жолы» конкурсының өңірлік кезеңінің, жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – өңірлік комиссия) құрылады.
 - Өңірлік комиссия өңірлік кезең конкурсының жеңімпаздарын оның қатысушылары арасынан айқындайды;
 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы «Еңбек жолы» кон-курсының республикалық кезеңінің жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – республикалық комиссия) құрылады.
- Республикалық комиссия конкурстың өңірлік кезеңінің жеңімпаздары арасынан республикалық кезеңнің жеңімпаздарын айқындайды.
- Комиссия:
 - Комиссия төрағасынан;
 - Комиссия төрағасы орынбасарынан;
 - Комиссия мүшелерінен;
 - Комиссия хатшысынан құралады.

Комиссиялардың лауазымдық құрамы осы әдістемелік ұсынымдарда 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Конкурсқа қатысушы комиссияда бола алмайды.

 - Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасай-ды, отырыстарда төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлай-ды, оның шешімдерін іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.
 - Комиссия отырысы оның мүшелерін жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.
 - Комиссия шешімдер қабылдаған кезде даулы мәселелер туындаған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
 - Комиссия хатшысы комиссия мүшелерінің қарауына жұмыс органы дайындаған құжаттар мен материалдарды ұсынады.
 - Комиссиялардың міндеттері қатысушылардың матери-алдарын қарау және конкурс жеңімпаздарын анықтау болып

табылады.

- Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамалар ресімделеді.
- Министрліктің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті Комиссияның республикалық деңгейдегі жұмыс органы болып табылады.
- Өңірлік деңгейде жұмыс органы жергілікті атқарушы ор-ған айқындайды.
- Комиссияның жұмыс органына мынадай функциялар жүктеледі:
- конкурстарды өткізу мерзімдері мен шартта-ры туралы бұқаралық ақпарат құралдары мен конкурсты ұйымдастырушылардың ресми веб-сайтары арқылы хабардар ету;
- комиссия отырыстарын дайындау және ұйымдастыру;
- конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастыру;
- конкурс жеңімпаздарының тәжірибесін таратуға жәр-демдесу.
- Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі жыл сайын «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай республикалық фо-румы аясында өткізіледі.
- Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары конкурстың өңірлік кезеңін өткізу процесін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді және конкурстың республикалық кезеңіне қатысу үшін ұсынылатын қатысушылардың тізімін жа-риялауды қамтамасыз етеді.
- Конкурстық материалдарда қамтылған және бағалау барысында алынған ақпарат құпия болып табылады және үміткердің жазбаша келісімсіз осы бағалаудан басқа өзге мақсаттарда пайдалануға болмайды.

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 1-ҚОСЫМША

«Еңбек жолы» конкурсы бойынша жеңімпаздарды іріктеу критерийлері

- «Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша:
- Әулеттің барлық өкілдері алған мемлекеттік немесе ведомстволық наградалары, сондай-ақ мақтау қа-ғаларының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, кәсіп-одақтардың, жұмыс берушілердің алғыс хаттарының саны;
 - Әулет өкілдері болып табылатын отбасы мүшелерінің және олардың туыстарының жалпы саны;
 - Еңбек әулетінің әулет басшысының еңбек қызметі бас-талған күннен бастап конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін құжаттар топтамасын ұсынған күнге дейінгі кәсіптегі жалпы еңбек өтілі.
- «Өндірістің үздік жас маманы», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациялары бойынша:
- Өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға қосқан үлесі;
 - Өз жұмысына қатысты ардалық;
 - Ұйымдастырушылық және коммуникативтік қасиеттерінің болуы;
 - Еңбегі үшін бірнеше рет көтермеленудің болуы (диплом-дар, грамоталар, алғыстар);
 - Бастамашылық ұсыныстардың болуы;
 - Кәсіби қызметтен тыс шығармашылық мүдделердің бо-луы;
 - Білім деңгейі, оны арттыруға деген ұмтылыс;
 - Жұмыс орнындағы жеке жетістіктері;
 - Өз жұмысын орындау сапасы;

Жоғарыда аталған критерийлердің талаптары сақталмаған жағдайда Комиссия қатысушыларға ұсынылған материалдарды қайтара алады.

Қызылорда облысы бойынша конкурсты ұйымдастырушылар: Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы

Жауапты қызметкерлердің байланыс телефондары: Алматылы Жәнісбек; 8/7242/ 26 38 20; Zh.almatui@korda.gov.kz

МАЛ БАР, ЕТ ҚЫМБАТ

«Сұлтан» сауда үйі. Ет мол, тұтынушы аз екені байқалады. Сату-шылар өнімін жарнамалап, талғамына сай таңдап аласың деп бірінен-бірі қалысар емес. Сойылған мал етінің кешікпей өтіп кеткені абзал. Сонымен мұндағы бағаға зер салсақ. Жылқы еті – 2200, сиыр еті – 1800, қой еті – 2300, тартылған ет 2000 теңгеден саудалануда. Сатушылардың айтуын-ша, олар етті жергілікті кәсіпкерлер мен шаруалардан алады екен. «Ет бағасы көтерілгелі тұтынушылар азаюды. Бұрынғыдай сауда жоқ. Өнімнің өзі бізге қымбатқа келіп жа-тыр. Үстіне тек нәпақамызды қосып отырмыз. Тұрған орнымызға да ақы береміз. Мұның бәрі оңай емес. Тіпті, кейде аудан орталықтарына өзіміз шығамыз. Шығыны көп. Жол журу, малды арнайы алаңдарға сойдыру дегендей. Тұтынушылар тартынады, реніш болып жатады. Бағаны қолдан жасап, халықты қанап отырсындар деп ұрсып кететіндер де бар», дейді Мұхит Айдарбаев. Ол 10 жылдан бері осы кәсіппен айналысып келеді.

Ал Сапура Мансұрова – тұтынушы. – Несін жасырайық, етті аз тұтынатын болдық. Маңыздысын сый-лық қонаққа сақтаймыз. Тіпті, қазы, карта, жал-жаыны ұмыта бастадық. Бара-бара ет жемейміз бе, қалай есіз? Мал бар, бірақ неге қымбат екенін түсінбедім. 5 келі жылқы етін алдым. Бағасы 11000 теңгеге шықты. Бұрын ауылдан соғым келетін еді. Қазір соғымның да бағасы базар нарқына жетіп қалды, – дейді ол.

Мұнан әрі «Magnut», «Small» секілді ірі сауда желісіне бардық. «Magnut»-дағы баға әртүрлі. Еттің тұр-түрін әдемі кескіндеп қойған. Соған сай баға да тұр. Қой еті – 2300 теңге. Сөреде сиыр еті де бар. Ал, әлеуметтік дүкеннің бағасы көңілге қонмайды. Сиыр етінің келісі 1600 теңгеден өтіп жатыр. Дүкенге ет түскен бойда өтіп кетеді. Қысқасы, еттің құны қонына байланысты.

Мамандардың жылдағы есебіне зер салсақ, өңірде мал басында өсім бар. Мемлекеттік бағдарламалармен жұмыс жасап жатыр. Жеңілдетілген несие, қайтарымсыз грант, мал басы-на субсидия беріледі. Асылтұқымды мал басын көбейтуге де қолдау қарастырылған. Десе де, нарық ырыққа көнер емес.

Облыста 342,3 мың ірі қара, 698,6 мың қой мен ешкі, 164,7 мың жыл-қы, 51,6 мың бас түйе есепке алын-ған. Мал басы жылдан жылға көбейіп келеді. Былтыр 38,5 мың тонна ет өн-діріліп, өткен жылмен салыстырғанда 2,8 процентке артқан. «Сыбаға» ба-дарламасы негізінде 1000 бас ірі қара, 4000 бас қой мен 10 мың бұқаны мал бордақылау алаңдарына өткізу меже-ленген. Бұл – енді үлкен жұмыс.

Облыстық ауыл шаруашылығы

басқармасының бөлім басшысы Ардастан Омаровтың айтуынша, қазір облыста 12 мың басқа арналған 21 мал бордақылау алаңы бар. Оның 4-еуі – ірі алаң. Мал басы есе-леніп келеді. Мәселен, ірі қара – 3, ешкі мен қой – 12,5, жылқы – 11 және түйе 7,7 процентке көбейді. Ет өндірісі де артып отыр. Дегенмен, 1-бет

Жария тыңдау өткізілді

2021 жылғы 26 ақпанда Қызылорда қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «СЕАД Логистик» ЖШС-нан жылжымай- құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне бекітуге берілген тарифінің жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізді.

Жария тыңдауға тұтынушылар мен барлық мүдделі тұлғалардың жалпы саны 17 адам қатысты, осы өтінім бойынша мекеме экономисі Ж.Бакированың ба-

яндамасы тыңдалды. Жария тыңдау барысында баяндамашыға сұрақтар қо-йылып, тиісті түсініктемелер берілді.

Сонымен қатар, Департамент ше-шімді жария тыңдаудағы қатысушы-лардың есқертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, 2021 жылдың 10 науры-зында қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

Бақұл бол, ауялы әріптеc



Сұм ажал адырнасына тағы бір асыл жанды байлады. Осы жылдың 2 наурызында ауялы ана, асыл әже, мәдениет саласының ардагері Ба-тихан Ізбасарқызы 72 жасқа қа-раған шағында өмірден озды.

Батихан Ізбасарқызы 1949 жылы 10 мамырда Қызылорда об-лысы, Қызылжарма қыстағында дүниеге келген. Мәдениет сала-сында 1982 жылдан үзбей абы-ройлы еңбек етті. Атқарған ең-бегі ескерусіз қалмай, бірнеше

марапаттарға ие болып, елдің алғашқы алысын арқалап, ыстық ықпалына бөленді. Ауялы апамыз адамдардың еңбекқорлығы мен дарынын жо-ғары бағалайтын. Бойында мейі-рімділіктің, ақыл мен парасаттың бейнесі түзілген абзал жан балапа-рын қарапайым болуға, адамдарға әрдайым қамқор қолын созып, жан дүниесін түсінуге үйретті.

Өзінің саналы құмырын, бар күш-жігерін елге қызмет ету ме-отбасына арнаған Батихан апа-мыздың бұл фәниден озуына бай-ланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білді-реді. Топырағы торқа, иманы салауат, жаны жаннатта болсын. Батихан Ізбасарқызының жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақта-лады.

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

Жарамсыз деп есептелсін

Қурманғазиев Нуржан Қурманғазиевичтің атына Қызылорда облысының мамандандырылған кузет қызметінің басқармасынан 2021 жылдың 3 ақпанында берілген ОМ №04164 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ЖК Жұмабаев атына берілген (БСН 770321302328, №0051038 Серисы 08915, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі 2011 жылдың 13 шілдесінде берілген) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Транс Азия Констракшн» ЖШС ұжымы серіктестіктің құрылыс учаскесінің бастығы Әбдіреу Қуанышбек Өмірзақұлына анасы

Әбдіреова Дәмешің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА**